

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 сәуір N 469

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны оны қайта құру жолымен, жарғылық капиталда мемлекеттің жүз пайыздық қатысуымен "Қазақ энциклопедиясы" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Қоғам) қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген т ә р т і п п е н :

1) жарғыны бекіту кезінде Қоғам қызметінің негізгі мәні болып баспа өнімдерін шығару белгіленсін;

2) Әділет органдарында Қоғамның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) Қоғамның акцияларының мемлекеттік пакетінің, оның 33 пайызынан аспайтын мөлшердегі бөлігін сатуды жүзеге асырсын.

3. Қоғамға, акциялардың бірінші эмиссиясын толық орналастырғаннан кейін жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінің 25 пайызынан аспайтын сомаға акциялардың кейінгі эмиссиясын шығару жолымен, оның жарғылық капиталын ұлғайтуға шаралар қабылдауға рұқсат берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі екі апталық мерзімде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне:

1) Қоғамның мемлекеттік тіркелуіне арналған құжаттарға қол қоюға және ұсынуға өкілетті тұлғаның кандидатурасы;

2) Қоғамның директорлар кеңесі мен ревизиялық комиссиясының құрамы;

3) Қоғам акцияларының қосымша эмиссияларын орналастыруды жүзеге асыратын тұлғалар арасындағы топ жөніндегі ұсыныстарын берсін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;**

2) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 Р990405_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген, акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесіндегі:

"Алматы қаласы" бөлімінде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-33-жолмен толықтырылсын:

"123-33. "Қазақ энциклопедиясы" ЖАҚ.

3) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 Р990659_ қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік үлестерінің тізбесіндегі:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" бөлімінде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 224-6-жолмен толықтырылсын:

"224-6. "Қазақ энциклопедиясы" ЖАҚ.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі